

**«Аңшылық шаруашылығы бойынша есеп» 2 - аңшылық (жылдық)
статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**
*Инструкция по заполнению статистической формы 2- охота (годовая)
"Отчет по охотничьему хозяйству"*

| 1. Статистикалық байқаудың мақсаты | 1. Цель статистического наблюдения |
|---|---|
| <p>Осы нысанды байқаудың мақсаты аңшылық шаруашылықтардағы өнім көлемінің анықтау.</p> <p>2. Респонденттер тобы Осы нысанды қызметінің негізгі түрі «Жабайы аң-құстарды аулау және өсіру, осы салаларда қызмет көрсетуді қоса» болып табылатын заңды тұлғалар толтырып аумақтық статистика органына жыл сайын табыс етеді.</p> <p>3. Әдіснамалық түсініктемелер Осы нысан бойынша статистикалық ақпарат есепті жыл үшін табыс етіледі, ал қайта құрылған ұйымдар статистикалық ақпаратты тіркелген күнінен бастап, есепті кезеңнің аяғына дейін табыс етеді. Есеп толтырған кезде өндірілген өнімдер көлемі (тауарлар, қызметтер) қосылған құн және акцизсыз құндық көріністе есептелетінін естен шығармау керек. Өндірілген өнімдер (жұмыстар мен қызметтер) көлемі құрамына қолданыстағы бағада есепті кезең ішінде өңделген дайын өнімдердің, жартылай дайын өнімдердің, орындалған жұмыстардың (қызметтердің) және сыртқа өткізуге арналған өнімдердің құны қосылады. Өнімдердің көлеміне баспа-бас айырбас, қызметкерлерге заттай нысанда еңбекақы төлеу өнімдердің құны да қосылады. Осы тауарлардың құны оларды өндіруге кеткен шығындар сияқты қабылданады. Шарттық бағалар мен тарифтер бойынша өткізілетін өнім «Өнімдер (жұмыстар мен қызметтер) көлемі кәсіпорындардың қолданыстағы бағаларымен» көрсеткішіне қолданыстағы шарттық бағалармен енгізіледі. Экспортқа жөнелтетін бұйымдар өнім өндірілген кездегі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша теңгеге аударылып есептелген және есепті кезеңдегі нақты қолданыстағы өзара шарт бағалары бойынша қосымша құн салығынсыз, акциздерсіз, экспорттық бажсыз және кедендік алымдарсыз енгізіледі. Жабайы аңдар мен құстар мекендейтін және аңшылық шаруашылығын жүргізуге пайдаланылуы мүмкін барлық жерлер және сулы алаңдар аңшылық жерлерге жатады. Жануарлар өлемін қорғайтын қорықшылардың саны есепті жылдың соңында көрсетіледі. 5 бөлімнің деректері есеп беретін кәсіпорынға бекітілген аңшылық жер алаңы бойынша ғана беріледі. 1-бағанда «Жалпы саны» бекітілген аңшылық жердегі есепті жылы жүргізілген есеп негізінде аңшылық аңдар мен құстардың, теңіз сүтқоректілерінің саны (нақты басы) туралы деректер көрсетіледі. Есеп жүргізу кезінде қолданыстағы әдістемелік басшылықтар мен нұсқаулықтарды пайдалану қажет. Егер есеп беретін жылы есептеу бірнеше рет жүргізілсе, онда жануарлар мен құстардың санын ең толық көрсететін деректерді қосады. Егер аңшылық жануарлардың кейбір түрі бойынша санын есептеу есепті жылы жүргізілмесе, онда сол түр бойынша соңғы есеп жүргізілген жылдың деректері келтіріледі. Орналастыру – бұл өнімділігін арттыру үшін жабайы аңдарды аңшылық жерлерге әкелу және жіберу. «Ауланған» бағанына аң аулауды тіркеу ведомостысы, лицензиялар (руқсаттар), ату карткалары, жолдамалар негізінде аңшылық жерлерден нақты ауланған жабайы аңдар мен құстар, теңіз сүтқоректілері туралы деректер жазылады. Бұл бағанға сондай-ақ басқа ұйымдарға (ғылыми мақсатпен таратып мекендету үшін хайуанаттар паркіне) ауланып сатылған жануарлар да қосылады. «Өткізілгені» бағанында сауда, дайындау және басқа да кәсіпорындарға, ұйымдарға сатылған аңдар мен құстардың, теңіз сүтқоректілерінің саны туралы деректер қабылдау-тапсыру құжаттары негізінде көрсетіледі. Бұл бағанға аңшының өзінің қажеті үшін аулаған аң-жануарлары қосылмайды. 6 бөлімді тұйақтылар, терісі бағалы аңдардың қолдан өсіру питомниктері мен фермалары бар кәсіпорындар мен ұйымдар толтырады. Аңшылық шаруашылығын жүргізу шығындарының құрамына</p> | <p>Целью наблюдения данной формы является определение объемов продукции в охотничьих хозяйствах.</p> <p>2. Круг респондентов Указанную форму заполняют и представляют ежегодно в органы государственной статистики все юридические лица с основными видами деятельности «Охота и разведение дичи, включая предоставление услуг в этих областях»</p> <p>3. Методологические пояснения Статистическая информация по данной форме предоставляется за отчетный год, а вновь созданные организации представляют статистическую информацию со дня регистрации до конца отчетного периода. При заполнении отчета следует помнить, что объем произведенной продукции (работ, услуг) исчисляется в стоимостном выражении без налога на добавленную стоимость и акциза. В состав объема произведенной продукции (товаров, услуг) включается стоимость выработанных за отчетный период готовых изделий, полуфабрикатов, выполненных работ, услуг и предназначенных для реализации на стороне. В объем продукции включается также стоимость продукции отпускаемой по бартерным сделкам, в счет оплаты труда работникам в натуральной форме. Стоимость этих товаров принимается, как правило, равной издержкам на их производство. Продукция, реализуемая по договорным ценам и тарифам, включается в показатель «Объем продукции (работ и услуг) в действующих ценах предприятий». Изделия, поставляемые на экспорт, включаются по контрактным ценам, фактически действовавшим в отчетном году и пересчитанным в тенге по курсу Национального банка Республики Казахстан на дату производства продукции с исключением НДС, акцизов, экспортных пошлин и таможенных сборов. К охотничьим угодьям относятся все земельные и водопокрытые площади, которые служат местом обитания диких зверей и птиц и могут быть использованы для ведения охотничьего хозяйства. Количество работников егерской службы по охране животного мира учитывается на конец отчетного года. Данные раздела 5 представляются только по закрепленной за отчитывающимся предприятием площади охотничьих угодий. В графе 1 "Общая численность" указываются данные о численности (наличии поголовья) охотничьих зверей, птиц и млекопитающих морских в закрепленных охотничьих угодьях на основании проведенного учета в отчетном году. При проведении учета необходимо пользоваться действующими методическими руководствами и инструкциями. Если в отчетном году учет проводился несколько раз, то включаются данные, наиболее полно отражающие поголовье животных и птиц. В тех случаях, когда учет численности не проводился в отчетном году по тому или иному виду охотничьих животных, приводятся данные по году последнего учета этого вида. Расселение это - завоз и выпуск диких животных в охотничьи угодья, для повышения продуктивности. В графу «Охота» включаются данные о фактическом изъятии из охотничьих угодий диких зверей, птиц и млекопитающих морских на основании ведомости регистрации охоты, лицензий (разрешений), карточек отстрела, путевок. В эту графу включаются также животные, отловленные и проданные в другие организации (для расселения в зоопарки в научных целях). В графе «Реализовано» показываются данные о количестве зверей, птиц и млекопитающих морских, проданных торговым, заготовительным и другим предприятиям, организациям на основании приемно-сдаточных документов. Животные, добытые для личных нужд охотников, в эту графу не включаются. Раздел 6 заполняют предприятия и организации, имеющие питомники и фермы по разведению диких зверей для целей расселения и обогащения охотничьих угодий. В состав затрат на ведение охотничьего хозяйства включаются суммы на охрану и воспроизводство диких зверей и</p> |

жабайы аңдар мен құстарды қорғау мен өсіру сомалары, аңшылық шаруашылығы қызметкерлерінің жалақысы, аңшылық шаруашылық шараларының шығындары (аңшылар базасының үйлерін, үйшіктерін, қызметтік үй-жайларды және өндірістік ғимараттарды (жылыту, жарықтандыру, ағымдағы жөндеу жүргізу), кірме жолдарды, көлікті ұстаудың, сәйкес негізгі қорларға амортизациялық төлемдер, аңшылық иттерді, еліктіруші және аушы құстарды, жылқыларды ұстау мен азықтандырудың, аңшылық қаруларды, құндылығы аз керек-жарақтарды, кеңселік заттарды сатып алу мен жөндеу және аңшылық шаруашылық шаралардың өзге де шығындары) қосылады. Құрылыстар мен күрделі жөндеудің барлық шығындары, сондай-ақ аңшылар қоғамы мүшелерінің биотехникалық шаралар мен өзге де жұмыстарды атқару құны аңшылық шаруашылығын жүргізудің жалпы шығындарына қосылмайды.

Сондай ақ «Жабайы аңдарды сақтап қалу және ұдайы өсірудің биотехникалық іс-шаралары» деректеріне гранттарды және заңнамада тыйым салын-баған басқа да қаражатты тарту шығындар қосылады.

«Аңшылық шаруашылығы қызметінен түскен табыстар» жабайы жануарларды аулаудан, ұстаудан және өсіруден, сондай-ақ, аңшылық жануарларды (етін, терісін, ішіктерін, майын, бұғы мүйізін, мүйіздерін) және өзге де өнімдер өткізуден, сондай-ақ аң аулау мен ұстауды коммерциялық мақсатта дамытуға жәрдемдесу қызметтерін атқарудан алынған сомалар көрсетіледі. Бұл табыстарға кіру мен мүшелік жарна, сондай-ақ мақсатты түсімдер кірмейді.

9 бөлімде жануарлар әлемін қорғау, өсіру және пайдалану саласындағы аумақтық өкілетті органдардың, өсімдік және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекемелердің, облыстық әкімшіліктердің, аңшылар мен балықшылардың облыстық қоғамдарының, өзге де аң аулайтын ұйымдарының деректері негізінде толтырылады.

Осы бөлімде аңшылық ережелерін бұзудың анықталғаны және ереже бұзушыларға қолданған шаралар (өкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамдардың саны, олардан тартып алынған қарулар және т.б.) туралы деректер көрсетіледі.

10 бөлімде заңды тұлға жүзеге асыратын қызметтің барлық түрлері бойынша өнім (тауар, қызмет) өндіру көлемі, сондай-ақ тиісті қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны көрсетіледі.

птиц, заработная плата работников, занятых в охотничьем хозяйстве, затраты на охотхозяйственные мероприятия (на содержание домов охотничьих баз, избышек, служебных помещений и производственных сооружений (отопление, освещение, текущий ремонт), подъездных путей, транспорта, амортизационные отчисления на соответствующие основные фонды, содержание и кормление охотничьих собак, подсадных и ловчих птиц, лошадей, приобретение и ремонт охотничьего оружия, малоценного инвентаря, канцелярских и другие расходы на охотхозяйственные мероприятия). Не включаются в общие затраты на ведение охотничьего хозяйства все расходы на строительство и капитальный ремонт, а также стоимость трудоустройства членов общества охотников в выполнение биотехнических мероприятий и других работ.

Кроме того «Биотехнические мероприятия по сохранению и воспроизводству диких животных» включают затраты за счет привлечения грантов и других средств, не запрещенных законодательством.

В "доходы от охотхозяйственной деятельности - всего" включается суммы, полученные от охоты, и разведения диких животных, а также реализации охотничьих животных (мяса, шкур, шкурок, жира, пант, рогов) и прочей продукции, а также предоставления услуг по содействию развития охоты и ловли в коммерческих целях. В эти доходы не включаются вступительные и членские взносы, а также целевые поступления.

Раздел 9 заполняется на основании данных территориального уполномоченного органа в области охраны, воспроизводства и использования животного мира акиматов областей, областных обществ охотников и рыболовов, прочих охотопользователей и организаций.

В данном разделе показываются данные о выявленных нарушениях правил охоты и мерах, принятых к нарушителям (количестве человек, привлеченных к административной и уголовной ответственности, изъятых у них оружия и т.д.).

В разделе 10 показывается объем производства продукции (работ, услуг), по всем видам деятельности, которое осуществляет юридическое лицо, а также общая численность занятых по соответствующим видам деятельности.